ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 23 маусым Іс №1513-25-00-2/1042 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы Д.Н.Тажимуратова отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ELA TOWN» жауапкершілігі шектеулі серктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Ел-Даму-Ырыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Е.С.Смагулов
жауапкер өкілі Т.Ж.Шонтаев
үшінші тұлға өкілі Б.Б.Шалдаров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 3 наурызда «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) №14160066-1 «11 ш.а балалар алаңын ағымдағы жөндеу», 14163280-1 «Ғ.Жұбанов 39 А бойынша спорт және балалар алаңын орнату», 14163212-1 «О.Кошевой көшесі 115, 113 үйлері бойынша балалар және спорт алаңын орнату»,

14163250-1 «Сазды аллеясында волейбол, спорт және ойын алаңын орнату», 14153619-1 «Рысқұлов көшесі 192/2 бойынша балалар, спорт және футбол алаңын орнату», 14163295-1 «Балалар алаңын ағымдағы жөндеу және 12 ш/а 64А футбол алаңын орнату», 14154322-1 «А. Молдағұлова 12 мекен-жайындағы Аула оазисі жобасы», 14163226-1 «Заңғар көшесі 59/1 бойынша балалар, спорт және футбол алаңын орнату», 14163257-1 «О.Кошевой көшесі, 105-үй, к.1,2,3 бойынша аумақты абаттандырумен футбол алаңын орнату» ашық конкурстар жарияланған. Конкурсқа «ELA TOWN» жауапкершілігі шектеулі серктестігінен (әрі қарай-Серіктестік) әлеуетті өнім беруші ретінде өтінім түскен.

Конкурстық біліктілік талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші салмағы 13 тоннадан кем емес өздігінен жүретін тегіс жол аунақтары (Катки дорожные самоходные гладкие массой не менее 13 т) талап етілген материалдық ресурстарымен қамтылуы тиіс.

Серіктестіктің конкурстық өтінімін қарау барысында, Серіктестік және «Ел Даму Ырыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерін қарау барысында, Серіктестіктің тарапынан SANNY YZC 13A маркалы, өздігінен жүретін тегіс жол ролигі мемлекеттік тіркеу номері ABC 660 Y, «ШымТехника» ЖШС-нен 2025 жылғы 11 наурыздағы жалға алу шарты негізінде жалға алынғаны және «Ел Даму Ырыс» ЖШС-нің тарапынан SANNY YZC 13A маркалы, өздігінен жүретін тегіс жол ролигі мемлекеттік тіркеу номері ABC 660 Y, «ШымТехника» ЖШС-нен 2025 жылғы 14 наурыздағы №3 жалға алу шарты негізінде жалға алынғаны анықталды.

Серіктестіктің және «Ел Даму Ырыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері, біліктілік талаптарына сай келмеуіне байланысты қабылданбаған.

«ШымТехника» ЖШС-нің 2025 жылғы 26 наурыздағы №12/2603 хатына сәйкес, SANNY YZC 13A маркалы, өздігінен жүретін тегіс жол ролигі мемлекеттік тіркеу номері ABC 660 Y арнайы техникасы, Серіктестікке жалға берілмегені анықталған.

Талап қоюшы әлеуетті өнім беруші жауапкер анық емес ақпарат беру фактісі анықталуына байланысты сотқа талап қою беріп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкер өкілі талап қоюға қарсы пікір келтіріп, онда талап қоюмен келіспейтінін, конкурс талабы бойынша өз тарапынан мемлекеттік тіркеу номері ABC 660 Y SANNY YZC 13A маркалы техниканы «ШымТехника» ЖШС-нен 2025 жылғы 11 наурыздағы жалға алу шарты негізінде жалға алып, техника құжаттарын конкурсқа ұсынғанын, алайда салмағы 13 тоннадан кем емес өздігінен жүретін жол тегістеу техникасын жалға алу шарты негізінде ұсынғаны жалған ақпарат болып табылмайтынын көрсетті.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 30.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 01.08.2025, судья Кустанов Р. Б., 04.08.2025
1513-25-3-1/1279

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждеріне қолдап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюды мойындап, Серіктестіктін мемлекетті стап алу туралы шарттарымен айналысатын маман қателік жіберіп, шартты конкурс құжаттарына тіркегенін. Алайда, аталған іс-әрекеттерімен мемлекетке ешқандай зиян келтірмегеніне байланысты, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлға өкілі талап қоюшының талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 3-бабына сай анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Аталған норманың талаптарының мәнісін түсінуге сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның біліктілік талаптары мен құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі дәлелденуі қажет және осы анық емес ақпарат конкурстық баға ұсынысына әсер еткендігі дәлелденуі қажет, сонымен қатар, шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер дәлелденуі тиіс. Осы шарттардың жиынтығында әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға болады, ал осы шарттың біреуі болмаған кезде

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 30.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 01.08.2025, судья Кустанов Р. Б., 04.08.2025
1513-25-3-1/1279

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тартуға жатады.

Іс құжаттарынан, жауапкер конкурсқа қатысқан кезде SANNY YZC 13A маркалы, өздігінен жүретін тегіс жол ролигі мемлекеттік тіркеу номері ABC 660 Y арнайы техникасы бар екендігі туралы құжаттарын ұсынғаны анықталды.

Іс жүзінде SANNY YZC 13A маркалы, өздігінен жүретін тегіс жол ролигі мемлекеттік тіркеу номері ABC 660 Y арнайы техникасы жалға алушының меншігінде болмағаны, яғни, жауапкер конкурсқа қатысқан кезде анық емес ақпарат ұсынғаны анықталуда.

Аталған жағдай, жалға беруші «ШымТехника» ЖШС-нің 2025 жылғы 26 наурыздағы №12/2603 хатымен дәлелденеді және де жауапкер өкілімен жоққа шығарылмады.

Сот жауапкер өкілінің Серіктестіктін мемлекеттік сатып алу туралы шарттарымен айналысатын маман қателік жіберіп, шартты конкурс құжаттарына тіркегенін, аталған іс-әрекеттерімен мемлекетке ешқандай зиян келтірмегені туралы уәждерін негіссіз деп санайды, өйткені жауапкер конкурсқа қатысқан кезде құжаттарды толық нұсқада тексеру барысында алдын ала жалға берушіге тиесілі немесе тиесілі емес екені анықтау қажет. Бұл ретте жауапкер конкурсқа қатысқан кезде ұсынылғын ақапаратттың дұрыстығына жауапты болуға міндетті.

Жауапкер өз қарсылықтарын растайтын дәлелдеме құжаттарды сотқа ұсына алмады.

Талап қоюшы тарапынан осы іске қатысты барлық дәлелдеме құжаттар ұсынылған.

Сот, зерттеліп анықталған мән-жайлар негізінде талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ELA TOWN» жауапкершілігі шектеулі серктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ELA TOWN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 30.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 01.08.2025, судья Кустанов Р. Б., 04.08.2025

Жауапкер ««ELA TOWN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 30.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 01.08.2025, судья Кустанов Р. Б., 04.08.2025

1513-25-3-1/1279